

# Ізгілікке толы ай

## Қасиетті Рамазан айында мұқтаж жандарға көмек көрсетілуде

Адами қасиеттердің ең қадірлісі – қайырымдылық болғандықтан, оны жасаудың өзі үлкен ғибрат.

Қасиетті Рамазан айында қолдан келгенше қайырымдылық жасап, садақа беру сауапты да қайырлы іс болып саналады. Осыған орай ауданымызда жақсылық жасап, мұқтаж жандарға көмек көрсеткен азаматтар баршылық.

- Жыл сайын ізгілікке ұмтылып, сауапты іс жасап жүрген жандардың саны артып келетіні қуантады. Жүрегі кең азаматтардың бұл ісі көпке үлгі болары анық. Биылғы жылы ауданымызға белгілі кәсіпкер ағамыз Қасиетті айда 7 отбасыны азық-түлікпен қамтамасыз етті. Қазіргі таңда көмек қолын аямай, барынша жақсылық жасауға ұмтылып жүрген аудан тұрғындары қолдарынан келгенше қайырымдылық жасауда. Рамазан айының аяқталуына шамалы уақыт бар, осы уақыт аралығында қайырлы іс жасауға ұмтылатын азаматарымыздың саны артады деген сенімдеміз, - дейді аудандық мешіттің бас имамы Еркебұлан Жаң-



Жүрегі кең азаматтардың сауапты ісі көпке үлгі

бырбайұлы.

Биылғы жылы ораза ұстаушылардың қатары көбеймесе азайған емес. Әсіресе, мұсылманның парызын орындауға жастар ынталы. Рамазан айында шамасы келгендердің жыл сайын атқаратын сауабы мол шараларының бірі ораза ұстаған жандардың аузын аштыру екені белгілі.

- Рамазан айының бірінші күні барша ауыз бекіткен жандардың құрметіне аудан әкімі Фабит Мәжитұлы алғашқылардың бірі болып ауызашар берген болатын. Кейіннен ізгі ниеттілердің

қатарын «Олжа Агро», Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының ұжымы, «Бәйтерек» кафесінің ұжымдары жалғастырды. Жүрегі жомарт аға-апаларымыз күн сайын үлкен ас беріп, қайырымдылыққа ұмтылуда, тек «Жақсылық істесең, жасырып істе» демекші көбісі есімдерінің құпия түрінде қалғанын қалайды, - дейді бас имам Еркебұлан Қошан.

Қасиетті айда Меңдіқара аудандық Зұлқарнайұлы Мұса қажы мешіті де аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек қолын созуда. Дәстүрлі түрде

өткізілетін «Рамазан қоржыны» атты акциясы биылғы жылы да өз жалғасын тапты. Жыл сайын Рамазан айында аталмыш акция ұйымдастырылып, мұқтаж жандарға көмек көрсетілетін еді. Биыл да сауапты іс ұйымдастырылып, жақсылық жасалды. Биылғы жылы «Рамазан қоржыны» акциясына облыстық «Аймағанбет қажы» мешітінің зекет қоры еріктілері демеушілік жасаған екен.

Рамазан айының соңына дейін аталмыш акция жалғасын табатын болады.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА